

## XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Маратова Г., 1 курс

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а. Джумалиева Л.Т.  
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті

Астана қ.

[Lazzat-69@mail.ru](mailto:Lazzat-69@mail.ru)

XX ғасырдың бас кезі қазақ қоғамы үшін түрлі ағымдардың өзара қақтығыс, күрес кезеңі болды. Қоғамдық күреске қазақ қоғамы үшін мүлдем жаңа саяси-әлеуметтік күш – ұлттық саяси элита араласа бастайды. Негізінен метрополия оқу орындарында білім алып, отаршыл мемлекеттік басқару аппаратындағы қызметке және қазақ арасына орыс мәдениетін егіп, тарату үшін даярланған саяси элита мұның барлығын жиып қойып, ұлттық тәуелсіздік пен ұлттық мәдениеттің өсіп-өркендеуіне, ұлт өмірін қайта құру мақсатына қызмет ете бастайды. Соның нәтижесінде қазақ қоғамында мүлде жаңа сападағы жағдай қалыптасып, феодалдық тоқырау мен отарлық тәуелділікке қарсы күрес оның негізгі белгілеріне айналды [1,28 б].

Торлаған тұманнан жол таппай тұрған халқын өрге сүйреген күш Алаш қозғалысы еді. Саяси мәдениеті әлемдік деңгейге көтерілген, кәсіби даярлығы заманының сұранысына сай, адамгершілік имандық қасиеттері ұлы даланың сан ғасырлық құндылықтарымен суғарылған Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұхамеджан Тынышпаев, Жақып Ақпаев, Мұстафа Шоқай, Бақытжан Қаратев сияқты қазақ зиялылары осынау қозғалыстың тұлғалық-интеллектуалдық әлеуетін сомдаса одан кейінгі Халел Досмұхамедов, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Тұрар Рысқұлов, Смағұл Сәдуақасұлы, Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов тағы басқалары жалғастырды. Алаш қозғалысына мұрындық болған оқығандар мен зиялылар саны көп емес еді.

Ұлт мүддесін ту етіп көтерген Алаш зиялылары қазақ қоғамын отарлық езгіден алып шығатын, дамып кеткен елдер қатарына қосатын жолдарды іздегенде пікір алуандығын жоққа шығармады. Сол кезде бірінші буржуазиялық-демократиялық революция тұсында-ақ панисламдық батысшылдық саяси ағымдар бейбіт қатар өмір сүрді. XX ғасырдың басында Қазақстан Ресей империясының капитализмге дейінгі өндірістік қатынастар үстем болған аграрлы-отарлық өлкесі болды. Қазақ халқының басым көпшілігі, бір жағынан патша үкіметінің отарлау саясатының қасіретін, екінші жағынан, ауылдағы бай-шонжарлардың езгісінің ауыртпалығын көтерді.

Патша үкіметі қазақ халқының ата-қонысын мемлекет меншігі деп жариялап құнарлы егіндікті, шұрайлы шабындық жерлерін қоныс аудару қорына тартып алып отырған. 1917 жылғы екі революция қарсаңында бұл жерлерге келіп орын тепкен қоныстанушылар сол кездегі Қазақстанда мекендегендердің 23,1 пайызын құрады. Қазақ ауылын басқаратын әкімшілік жүйе патша үкіметінің отарлау-әкімшілік аппаратымен біте қайнасып кеткен бай-шонжарлар өкілдерінің қолдарында болды. Өлке өндірісі нашар дамыды, оның өркендеуіне патша үкіметі мен орыс буржуазиясының отарлық саясаты және қазақ ауылындағы патриархалдық-феодалдық қатынастардың үстем болуы күшті кедергі жасады. Колониалды және постколониалды қоғамдағы қазақ ұлтының саяси элитасын қалыптастыруда Петербург, Москва, Варшава, Қазан университеттері мен басқа да жоғары оқу орындары айтарлықтай рөл атқарды. Бұл кезеңдегі қоғамдағы қазақ саяси элитасының қалыптасу ерекшеліктері - біріншіден, патшалық Ресейдің халықты отарлау саясатының мәнін әшкерелеуді және қазақтардың этнос ретінде сақталып қалуы үшін оның келешегіне қатер төндіріп отырған патша үкіметінің өлкені кеулеп бара жатқан жан-жақты экспанциясын тоқтатуды мақсат етті.

Екіншіден, олар заң шығарушы және басқарушы өкімет органдарының алдында кадеттер ұсынған үлгімен әртүрлі петициялар арқылы талап-тілектер қою демонстрациялар

мен шерулер ұйымдастыру, мемлекеттік Думаның сайлауына белсенді түрде араласып, Думаға халық өкілдерін өткізу үшін күресуді мұрат тұтты. Сондықтан 1905-1907 жылдары қазақ саяси интеллигенциясы кадеттер ұсынған Ресей қоғамын реформалау талаптарын жүзеге асыру жолында жүргізілген саяси науқандарға қатынасуда айтарлықтай белсенділік көрсетіп, нақтылы іс-әрекеттерге барды. Олар, атап айтқанда, қазақ қауымын басқарудың ең болмағанда уездер мен болыстар шеңберіндегі жүйесін қалыптастырудың отарлық сипатын өзгертуді талап етті.

Сол кездегі саяси интеллигенцияның қоғамдық-саяси қызметінің қалыптасу ерекшелігі Ресейден Қазақстанға орыс мұжықтарын көшіру ісін басқаратын қоныс аударушы мекемелердің қызметін тоқтату үшін саяси күрес жүргізуге арналды. Үшіншіден, ұлттық-либералдық қазақ саяси элитасы қоғамның саяси өмірінде өзін өкімет пен жергілікті халық бұқарасын байланыстыратын күш ретінде көрсетуге ұмтылды. Әрине, Ресей империясының Қазақстандағы отарлау саясаты қазақ жерлерін күшпен тартып алып, оған казактарды, орыс шаруаларын қоныстандырумен шектелмегендігі түсінікті. Ең алдымен басқару аппаратын сол арқылы бүтін елді орыстандыруды көздеген шаралармен бір мезгілде қазақтарды христиан дініне шоқындыру саясаты жүріп жатты.

Колониалды және постколониалды қоғамдарда оқу-ағарту саласында немесе переселен және басқа мемлекеттік басқару жүйесінде басқару жүйесінде қызметте қызметте жүрген ұлттық элита бүкіл отарлау процесін көз алдынан өткізді, ұлттық теңсіздіктің, қанаудың не екенін жақсы білді. Соның нәтижесінде ол отарлау жүйесінде қызмет етуші интеллигенциядан ұлттық өркендеу мен ұлт-азаттық қозғалысты бастаушы күшке яғни, қазақ ұлтының саяси элитасына айналды. Сондықтан да оның дүниетанымында ұлттық мүдде, бостандық идеясы басым түсіп жатты.

Егер ХХ ғасырдың басындағы қазақтың ұлттық саяси элитасының қалыптасуына байыппен қарар болсақ, онда отарлаушы мен отарлаушының арақатынасына тән мынадай өзгерістерді байқауға болады. Көп ұлтты империяға Ресей ХУІІІ ғасырдан бастап-ақ жүйелі және мақсатты түрде қазақ қоғамы, қазақ елін мемлекеттік тұтастығынан айыру, сол арқылы қазақ қоғамына, қазақ жеріне терең бойлап ену саясатын жүргізді. Қазақ қоғамындағы феодалдық бытыраңқылық, түрлі саяси топтар арасындағы бітіспес күрес орыс әкімшілігінің өз дегеніне шығынсыз еппен жетуіне көмекші факторлар болды. Патша үкіметі 20-шы және 60-шы жылдары іске асырған саяси реформалары арқылы қазақ элитасының ішкі тарихи ерекшеліктері мен мүддесін ескеру негізінде емес, керісінше өзіне қолайлы, яғни Қазақстанда Ресей мүддесі тұрғысынан басқаруға қызмет ететін отаршыл әскери-феодалдық мемлекеттік жүйені орнатты. Соның салдарынан өзін-өзі қорғау қабілетінен айырылған қазақ саяси элитасы Ресей империясының экспанциялық саясатына жалпы ұлттық деңгейде ұйымдасқан, қуатты қарсылық көрсете алмады. Шамамен екі ғасырға жуық мерзімде қалыптасқан басқару жүйесінде жергілікті халықтың билікке тартылуы мемлекеттік аппараттың ең төменгі буыны болыстық басқарумен шектелді.

Бұл қазақ елін саяси биліктен аластату ғана емес, сонымен бірге қазақ саяси элитасын іштей ірітуге жасалған қадам еді. Өйткені бұл жүйе, біріншіден, мемлекеттік басқарудан аласталған халық санасында өзін-өзі басқару туралы сенімді біржола жойып, басқару аппараты, оның негізгі иесі ұлы державалық ұлттың билеуші топтар алдында құлдық сана қалыптастыруға тиіс болатын.

Екіншіден, бұдан былайғы уақытта жергілікті халықтың күнделікті тіршілігінде туып отыратын мәселелермен тікелей айналысатын ең төменгі әрі негізгі басқару буыны-болыстық управитель қызметі мен оның көмекші орындары (би, старшын, елубасы) отаршыл әкімшіліктің тікелей шебер қолдауымен түрлі топтар мен күштердің арасындағы таусылмас талас объектісіне айналды. Бұл талас қазақтардың өз арасында рулық негізде бөлініп-жарылуына тікелей жол ашып, ұлттық тұтастыққа көшуіне үлкен нұқсан келтірді.

Ресей империясының Қазақстандағы отарлау саясаты өзінің қаталдығы жағынан басқа еуропалық мемлекеттердің Азия мен Африка елдерінің жаулап алу саясатынан кем түскен жоқ. Бұл келтірілген фактілер мен тұжырымдар Ресей империясының құрамына ену қазақ

қоғамына ауыр зардапты болғандығын көрсетеді. Себебі халық өз жеріне иелік құқығынан, ұлттық мемлекеттік жүйесін нығайту мүмкіншілігінен, ұлттық мүддесін қорғау, ұлттық ерекшелігін сақтау қабілетінен ада болу жолына түскен еді [2,196].

XX ғасырдың басында терең дағдарыс жағдайындағы қазақ саяси элитасын өсіп-өну жолына алып шығуға қабілетті әлеуметтік күш те қалыптаса бастаған еді. Ол күш ұлттық зиялылар, яғни қазақ ұлттық интеллигенциясы еді. XX ғасыр басындағы қазақ ұлттық саяси элитасының қалыптасуы ғасырдың басында Қазақстанда орын алған әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және рухани-мәдени өзгерістердің нәтижесінде өмірге келді.

Бұл қозғалыстың өзегі, орталық элементі өзінің бастау көздерін 1905-1907 жылдары бірінші орыс революциясы әкелген өзгерістерден алған, ал саяси ұйым ретінде 1917 жылғы жазда құрылған тұңғыш жалпы ұлттық Алаш партиясын құру үшін ұлттық-демократиялық қазақ интеллигенциясының жұрт таныған жетекшілері Ә.Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М.Шоқай, М.Тынышбаев, М.Дулатов тағы басқа мемлекет және қоғам қайраткерлері 1905-1917жылдар аралығында қажырлы еңбек етті [3,31 б].XX ғасырдың басында қалыптасқан қазақ зиялыларының мемлекетті басқару ісіне араласуы – олардың саяси белсенділігінің шарықтау шегіне жетіп, жаңа сапаға көтерілгенін айғақтайды. Алдыңғы қатарлы қазақ зиялылары өздерінің саяси қызметінде ұлттық, сондай-ақ жалпы адамзаттық құндылықтарды қорғауды басты мақсат деп білді. Олар өз халқына тәуелсіздік және отаршылдық құлдықтан азат ету жолындағы күресінде көмектесуге ұмтылды. Әрбір адамның және әрбір халықтың жеке өз бостандығына құқығы және бүкіл адамзат мәдениетінің жетістіктері мен табыстарына еркін қол жеткізуі сияқты жалпы адамзаттық қазыналар үшін күресті.

Әртүрлі деңгейде өткен қазақ съездерін ұйымдастыруға мұрындық болған интеллигенция өкілдері мемлекет билеу түрі, дін, оқу-ағарту және тағы басқа осы сияқты өзекті мәселелерді күн тәртібіне қойып, ортақ тұжырымдар жасады. Мұнымен қатар, аталған мәселелерді заңдық негізде бекіту мақсатында шақыруға тиісті Бүкіл ресейлік Құрылтай жиналысына даярланған еді. Жасалған тұжырымдардың мазмұнынан қазақ халқының қосөкіметке және өздерінің уақытша өкіметтерінен құрылған халықтарға көзқарасы білінді. Алайда билік басына келген большевиктердің өз жұмысын бастаған Құрылтай жиналысын таратып жіберуі автономияға ұмтылған халықтардың «өзімізді, өзіміз басқарсақ» - деген үмітін сейілттіп, ақыры олардың түбіне жетіп тынды [4,54 б].

Қазақ съездерін шақырудың нәтижесінде ұлттық мүддеге сәйкес бағдаламалық жобасы бар, халқы мойындаған «Алаш» партиясы құрылды. Мұнымен қатар, жергілікті түркі тілдес мұсылман халықтарының азаматтық және саяси құқын қорғау мақсатында 1917 жылдың 27 қарашасында болған Қоқан съезінде ұлттық –территориялық қазақ автономиясы мен осы жылдың 13 желтоқсанында Орынборда өткен 2-ші жалпы қазақ съезінде ұлттық –территориялық қазақ автономиясы жариялаған Алашорда үкіметі тарих сахнасынан шықты. Осылайша Қазақстан тарихының жаңа кезеңі басталды.

Алашорда үкіметі өзінің ұлттық дербестігі туралы қаулыны 1917 жылдың 5-13 желтоқсан аралығында өткен 2-ші жалпы қазақ съезінде қабылдаған болатын. Мемлекет тізгінін өз қолына алған уақытша үкімет біржағынан Ресейде жаңа тәртіп жасауға ұмтылғанымен, екінші жағынан бұрынғы Романовтар үкіметі бастаған соғысты тоқтатуға ыждахат қылмады. Олар Еуропа соғысына біржолы, екі үлкен мақсаттарына жетіп қалмақ болды.

1917 жылғы шілденің 3-4 күндері Петроградта соғысты тоқтату бағытында өткен солдаттар мен жұмысшылардың демонстрациясын Уақытша үкіметтің күшпен басуы халықтың үкіметке деген сенімін жоғалтты. Шілде дағдарысы елдегі саяси жағдайды өзгертіп, қосөкіметтіліктің аяқталуына әкеліп соқты. Саяси биліктен үміт еткен большевиктер елдегі осы жағдайды пайдаланып, майдандағы әскерді өзіне аудармақ болды. Большевиктердің алдында тұрған мұндай жаңа міндеттерді шешу ісі 1917 жылдың 26 шілде - 2 тамыз аралығында өткен большевиктер партиясының VI съезінде қаралды [5,159 б].Онда социалистік революцияның тек қарудың күшімен ғана алу керектігі айтылды. Бұл әрекетті іске асыру оларға қиындық тудырмады. Өйткені Уақытша үкімет одақ пашалардан бөлініп,

бітім жасамау жолында еді. Орынбор қаласында 1917 жылдың 21 шілдесінде 1-ші жалпы қазақ съезі өз жұмысын бастайды. Съезге Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария облыстарымен Бөкей ордасынан және Ферғана облысының қазақтарынан өкілдер қатынасты. Сырттан қарағанда съезге келген 20-дан астам өкілдің саны «жалпы қазақ съезі» деп ауыз толтыруға олқы көрінсе де, шығарған қаулылары олқы болған жоқ. Оның күн тәртібіне қазақ қоғамының әлеуметтік – экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне тікелей қатысы бар, аса маңызды 14 мәселені енгізді. Олардың басым көпшілігі сәуір- мамыр айларында болған облыстық қазақ съездерінде алдын-ала талқыланған болатын және ең маңызды дегендері жалпы қазақтық Құрылтайға ұсынылды.

Халел Досмұхамедовтың төрағалығымен бірге Ахмет Байтұрсынов, Әділбек Көгібаров, Міржақып Дулатов, Аманжол Сейітовтың ықпалымен өткен 1-ші жалпы қазақ съезінің делегаттары аталған мәселелердің ішінде ұлттық автономия, жер, Құрылтай жиналысына дайындық және қазақтың саяси партиясын құру проблемаларына назар аударды [6,37 б].

1917 жылдың 1 мамырында өткен Бүкіл ресейлік мұсылман съезінде де мемлекетті билеу түрі қандай болмақ деген мәселеде екіге бөлінушілік байқалды. Бірінші жалпы қазақ съезі, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына сайлау туралы мәселені жан-жақты талқылап, оның депутаттығына кандидаттыққа әр облыстан ұсынылған 81 адамның тізімін бекітті.

Осы ретпен съезде Құрылтай жиналысында депутаттар белгілеу мәселесі өте ұқыптылықпен, әр халықтың пікірін ескере отырып, жан-жақты талқыланды. Съезд депутаттар тізімін осылайша бекіту арқылы, жалпы ұлттық мүддені бірінші кезекке қойды. Міржақып Дулатовтың мынадай сөзін келтіргім келеді:

«Шешеннің тамыры қаны ортақ, шебердің қолы ортақ» деген екен [7,65 б].

Бүкіл қазақтың іздеген жоғы, көздеген тілегі бір болды. Сондықтан съезд білгенінше әр облыстан осылар жара-ау деп қаулы қылды. Күн тәртібінде қойылған мәселелері турасында қабылданған съезд қарарларынан ұлт зиялыларының ықпалы күшті болғандығы айқын көрінеді. Бірінші жалпықазақ съезінің күн тәртібіндегі аса маңызды мәселелерінің бірі, қазақ саяси партиясын құру мәселесі болды. Алайда, Шорай-Исламға сайланған қазақ өкілдерінің съезге мезгілінде жете алмауларына байланысты партияның жобасы жасалмай қалды. Оған «Қазақ» газетінде жарияланған Жаһанша Досмұхамедовтің хатының мазмұнын ескере отырып, съезд қаулысы халыққа мәлім болды [8,65 б].

Ұлттық мүддеге негізделген қазақ саяси партиясын құрудағы мақсат- шақырылуға тиісті Бүкіл ресейлік Құрылтай жиналысына «Алаш» партиясы атынан қатысу болатын. Қарама-қайшылығы мол тарихи кезеңде көлемі жағынан ықшам болғанымен, саяси мазмұны жағынан терең партия бағдарламасының жобасын дүниеге келудің өзі қазақ қоғамындағы зор жетістік еді. Оны «Алаш» партиясының Бүкіл ресейлік Құрылтай жиналысына депутаттар сайлауындағы табыстарымен түсіндіруге болады. Жалпы Алаш партиясы бағдарламасының жобасынан көрініп тұрғандай, партияның көздеген түпкі мақсаты- қазақ халқын отарлық езгіден азат етіп, ұлттық дербестікке қол жеткізу болды. Әлихан Бөкейхан бастаған ұлттық демократиялық интеллигенциядамудың большевиктер таңдаған революциялық жолын емес, керісінше, эволюциялық жолын таңдаған еді [9,9 б]. Ақырында, Кеңестер мен ұлт-азаттығын аңсаған халықтар арасындағы мұндай қарама-қайшылық әбден шиеленісіп, ұлт мүддесіне қызмет еткен қазақ съездері өз жұмысын тоқтатуға мәжбүр болды.

Ұлт-азаттық қозғалысында алар өзіндік орны бар қазақ съездері –туған елін еркіндікке үндей отырып, оның тұтастығының нығаюына және саяси өрісінің кеңеюіне айтарлықтай ықпал етті. Қазақ съездері - ақпан революциясына дейін әрдайым жарға соғылып, қарсылықтарға ұшырап келген халқымыздың автономияға, ұлттық саяси дербестікке деген ынтасының жарқын көрінісі болды. Шын мәнісінде дәл осы мезгілде қазақ мемлекеттілігінің негізі қаланды. Сол бір тарихи кезеңде ұлт тұтастығын ұран етіп, оны өз қызметіне арқау еткен қазақ съездерінің жалпы ұлттық, жалпы мемлекеттік істерді де шешудің жоғарғы органына айналуы «елім», «жұртым» деген «Алаш» қайраткерлерінің жанкешті еңбегінің нәтижесінде жүзеге асты [10,81 б].

Ұлт зиялыларының қазақ съездерін шақырып, өткізудегі мақсаты – дербес тәуелсіздікке жету болатын. Осы жолда олар жеке бастарын құрбандыққа шалды. Өздерінің озық ойларымен өзгелерден биік тұрған ұлт зиялылары қазақ съездерін шақыру арқылы, бұратана деп кемсіте қарағандарға тойтарыс беріп, қазақтың рухы жоғары халық екендігін таныта білді. Ұлттық мүддеден туындаған өзекті мәселелерді енгізіп, соған сәйкес ортақ тұжырымдарға келген әр түрлі деңгейдегі қазақ съездерін өткізу ұлттың тұтастығы мен бірлігі болған кезде ғана мүмкін екендігін таныта білді. Ұлттық мүддеден туындаған өзекті мәселелерді енгізіп, соған сәйкес ортақ тұжырымдарға келген әр түрлі деңгейдегі қазақ съездерін өткізу ұлттың тұтастығымен бірлігі болған кезде ғана мүмкін екендігін дәлелдеді. Қазақ съездерінде көтерілген халық тілегі бүгінгі саяси тәуелсіздігіміз еді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Нұрпейісов К. Алаш һәм алашорда. Алматы, 1995, 28 б.
2. Қойгелдиев М. Қазақ демократиялық интеллигенциясының 1905-1917 ж. қоғамдық-саяси қызметі. Докторлық диссерт. Авторефераты. А, 1994, 196.
3. «Қазақ» Алматы Қазақ энциклопедиясы, 1998, 31 б.
4. Нұрпейісов К. Алаш һәм алашорда. Алматы, 1995, 54 б.
5. Джумалиева Л.Т., Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы қарсаңы: Алаш партиясын құру қажеттігі //КМТЖИУ «Хабаршысы» 2009, № 1. 159 б.
6. Қойгелдиев М. Тұтас Түркістан идеясы және М. Шоқайұлы. Алматы, 1997, 37 б.
7. Құл Мұхамед М. Алаш ардагері Ж.Ақбаевтың саяси-құқылық көзқарастары. Алматы, 1996, 65 б.
8. Сүлейменов Ж. Біз келмей келген ұйым. «Жас алаш туралы бірер сөз. Ақиқат. 1996, 65 б.
9. Елкеев Б. Қазақстанда Совет өкіметінің орнауы кезіндегі саяси-идеялық күрес тарихынан кандидаттық қолжазба. Ташкент, 1974, 9 б.
10. Махаева А. Қазақтың тұңғыш саяси партиясы тарихының беймәлім беттерінен// Ақиқат. 1998, № 9. 81 б.

### **XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ОЯНУ ЖӘНЕ САЯСИ КӨШБАСШЫЛЫҚ**

**Мельдебай Л.М.,** МО-22-1к тобының студенті

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Қазақстан Республикасы,  
Қарағанды қ.

*Ғылыми жетекші – Кенжеғали Ж.М*

[meldebaylaura@icloud.com](mailto:meldebaylaura@icloud.com)

XX ғасырдың басы – қазақ ұлты үшін тарихи және әлеуметтік-саяси тұрғыдан күрделі әрі маңызды кезең болды. Бұл дәуір қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің оянуы, ұлттық құқықтарын талап етуге деген ұмтылысы мен саяси белсенділіктің артуы кезеңі ретінде ерекшеленеді. Ұлттық оянудың негізінде бірнеше тарихи, әлеуметтік және мәдени факторлар жатты. Ресей империясының отарлық саясаты қазақ даласындағы жер мәселесін ушықтырып, білім беру мен басқару ісінде жергілікті халықты шеттетті. Осыған қарсы бағытталған қоғамдық қозғалыстар мен ұлттық сананың күшеюі байқалды.

- Баспа ісінің дамуы: 1905 жылдан кейін цензура әлсіреп, «Серке» (1907), «Айқап» (1911–1915), «Қазақ» (1913–1918) газеттері мен журналдары жарық көрді. Олар ұлттық сананы оятуда маңызды рөл атқарды [1]

- Білімнің таралуы: Орыс-қазақ мектептері мен жәдиттік бағыттағы оқу орындары арқылы жаңа буын зиялылар қалыптасты